

## Назар аударуға тұратын негізгі сұрақтар

- ⇒ YEҰ мәліметтер базасына ақпаратты жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін беру керек.
- ⇒ Есепті кезең деп Мәліметтер базасына ақпарат ұсынған жылдың алдыңғы күнтізбелік жылы есептеледі.

*Осылайша, 2019 жылдың наурыз айындағы жағдай бойынша есепті кезең 2018 күнтізбелік жыл, 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін болып табылады*

- ⇒ Ұйымның жобалық қызметі бөлімінде (5 кесте) 31.12.2018 ж. Дейін жүзеге асырылған жобалар енгізіледі
- ⇒ Серіктестік туралы құжаттарға қол қойылған ұйымдар көрсетілетін бөлімде (6 кесте) қаржыландырушы ұйым емес, сіздің ұйымыңызға жоба/бағдарламаларды жүзеге асыруда қолдау көрсеткен ұйымдар көрсетілуі керек.
- ⇒ Мәліметтер қағаз тасымалдаушыға түсірілген жағдайда, құжат ұйым жетекшісінің қолымен және ұйым мөрімен расталуы тиіс.

Осылайша, құжат соңында келесілер жазылып тұруы тиіс:

Ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен нақтылығын растаймын:

Басшы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны

- ⇒ Мәліметтер болмаған жағдайда «жоқ» деп жазу керек немесе сызық сызып қою керек.
- ⇒ Мәліметтерді енгізуге болады:
  - мәтіндік файлда (Word форматында) кейіннен басып, Азаматтық қоғам істері жөніндегі комитетке табыс ету
  - электронды порталдың өзінде

Мәліметтерді қазақшаға/орысшаға аударуға уақыт керек.

Құжаттарыңызды дайындап, мәліметтерді ұсынарда осыны да ескеріңіз.

**Сұрақтарыңыз туындаса, хабарласыңыз:**

- ҚР ҚДМ азаматтық қоғам істері жөніндегі комитеті +7 (7172) 74-91-48, 74-13-34
- Азаматтық ресурс орталығы, «ЗУБР» ӘКҚ, 8-7232-51-33-88, [zubr-kz@mail.ru](mailto:zubr-kz@mail.ru)



«Шығыс Қазақстан облысының  
ішкі саясат басқармасы» ММ



## YEҰ МӘЛІМЕТТЕР БАЗАСЫНА АҚПАРАТ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ҰСЫНУ - infonpo.kz ЖАДНАМА- АЛГОРИТМІ

### Даярлау жұмыстары (Не қажет болады?)

- ✓ YEҰ қызметі туралы мәліметтерді толтыру үшін (1 кесте):

Жалпы құжаттар	Ұйым жарғысы Ұйымның мемлекеттік тіркелуі туралы анықтама Есепшілік баланс және 100.00 форма немесе есептік кезеңдегі 130.00 форма
Егер ұйымның құрылтайшысы бар болса (жеке тұлға)	Құрылтайшының аты-жөні, ЖСН (дербес сәйкестендіру нөмірі)
Егер ұйымның құрылтайшысы бар болса (занды тұлға)	Занды тұлғаның атауы және оның БСН (бизнес-сәйкестендіру нөмірі)
Егер ұйымның филиалдары және (немесе) өкілдіктері болса	Филиал атауы (өкілдік) БСН Орналасқан жері ТАӘ (басшысы бар болған жағдайда) Тіркелген күні Тіркеу нөмірі Телефон нөмірі, электрондық пошта, сайт мекенжайы
Егер ұйым ұйымдармен/органдармен/мемлекетте рмен ынтымақтастық/серіктестік туралы құжаттарға қол қойса (меморандум, серіктестік келісімшарты және т.б.)	Атауы Түрі (мемлекет, мемлекеттік орган, YEҰ, коммерциялық ұйым) БСН (немесе шетелдік ұйымдар үшін оның баламасы)

**Назар аударыңыз!** Мәліметтер Форма толтыру арқылы **қазақ және орыс тілдерінде** ұсынылады (Ереженің 1 қосымшасы) баспа түрінде және порталда орналастырылған ақпарат түрінде. Бұл Сізде қазақ және орыс тілдерінде толтырылған екі кесте болуы тиіс дегенді білдіреді. Формаларды (кестелерді) <https://infonpo.kz> сайтынан жүктеуге болады немесе [zubr-kz@mail.ru](mailto:zubr-kz@mail.ru) РО сұратуға болады.

- ✓ **ҮЕҮ, филиалдарының не (немесе) ҮЕҮ өкілдіктерінің жобалары бойынша кестені толтыру үшін (3 және 4 кестелер):**

**Келесі ақпараттық қамтитын бекітілген жоба өтініштері, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау туралы келісімшарттар, гранттық келісімдер және басқа құжаттар**

- Жоба/бағдарлама атауы
- Осы жоба/бағдарламаға тапсырыс берген донор ұйымның, грант берушінің, тапсырыс берушінің БСН
- Қаржы көзі (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, шетелдік, коммерциялық, өздігінен қаржыландыру, коммерциялық емес)
- Жоба/бағдарлама мақсаты
- Жоба жүзеге асырылған аймақ (облыс)
- Жобаның жалпы бюджеті (теңгемен)
- Есептік кезеңдегі жобаны қаржыландыру үшін бөлінген қаражат (теңгемен)
- Жобаның жүзеге асырылу кезеңі
- Жоба/бағдарламаны бірге орындаушының атауы (бар болса)
- Жобаны жүзеге асыру нәтижелері туралы қысқаша ақпарат

- ✓ **Мәліметтерді электрондық портал арқылы беру үшін:**

- заңды тұлғаның электронды сандық қолтаңбасы (ЭСҚ)

- ✓ **Мәліметтерді қағаз тасымалдаушы арқылы беру үшін:**

- толтырылған құжаттар (екі тілде) қағаз және электрондық тасымалдаушымен (CD-диск немесе USB-флэш-тасымалдаушы арқылы);
- басшының қолы қойылып, мөрмен бекітілген ілеспе хат

### Мәліметтерді порталға орналастыру

1 қадам	<a href="https://infonpo.kz/">https://infonpo.kz/</a> сілтемемен өту
2 қадам	«КІРУ/ВОЙТИ» түймесін басу
3 қадам	«ЭСҚ арқылы кіру» дегенді таңдау және «Сертификатты таңдау» басу
4 қадам	ашылған терезеден сертификатты таңдап, құпиясөзді енгіземіз
5 қадам	Жүйе ЭСҚ мәліметтерін қабылдаған соң пайда болған «Жүйеге кіру» түймесін басу
6 қадам	«Жеке кабинетке» өтіп, « 20_ жыл бойынша мәліметтерді енгізуді бастау» дегенді басу
7 қадам	Талапқа сәйкес форманың барлық қажетті жолдарын толтыру; әрбір бөлімді толтырған соң «Сақтау» немесе «сақтау және келесі қадамға өту» дегенді басу

**!! Порталға мәліметтер бір дегенде екі тілде қатар енгізіледі. Егер маман мәліметтерді тек бір тілде енгізсе, порталдың Сіздің өтінішіңізді қабылдамай қоюына дайын болыңыз.**

8 қадам	«Жберу» дегенді басыңыз; «Мәре» қосымша бетінде «Сіз ҮЕҮ қызметі туралы есепті сәтті толтырып шықтыңыз» деген жазу пайда болуы керек.
9 қадам	Біраз уақыттан кейін жеке кабинетіңізді тексеріп (ескерту) мақұлданған жағдайда сіздің өтінішіңіз «Бекітілді» деген статусқа ие болады
...	Кері нәтиже жағдайында, сіз өтінішіңізді қайтадан беруіңіз керек (1-8 қадамдарды қараңыз), қабылданбау себебін алдын-ала мына телефон арқылы біліп алу керек 8-7172- 74 04 20

**Кенес!** Егер Сіз мәліметтерді портал арқылы беруді ұйғарсаңыз, алдымен кестелерді мәтіндік файлдар толтырып алуға кеңес береміз. Осылайша Сіз формалардың дұрыс толтырылуын және барлық талартардың қанағаттандырылуын қамтамасыз етесіз, қате жіберіп алу мүмкіндігі төмендейді.

### Мәліметтерді өзгерту

#### **ҮЕҮ туралы мәліметтер мына жағдайларда өзгертілген жағдайда:**

«Үкіметтік емес ұйым туралы жалпы мағлұмат» бөліміндегі бір немесе бірнеше пункт өзгертілсе	«Үкіметтік емес ұйымның байланыс ақпараттары» бөліміндегі бір немесе бірнеше пункт өзгертілсе	«Бюджет» бөлімінің 43 п. (Қазақстан Республикасындағы есептік кезеңдегі жобаларды/бағдарламаларды қаржыландыру бюджеті (егер филиал немесе өкілдік ҚР аумағындағы жоба/бағдарламаны қаржыландырса)
---	---	--

ҮЕҮ өзгеріске ұшыраған мағлұматты қазақ және орыс тілдерінде пошта немесе қолма-қол жеткізуші арқылы немесе веб-портал арқылы электрондық түрде осы өзгерістер белгіленген күннен бастап 10 күн ішінде ұсынады

#### Порталда өзгеріс енгізу үдерісі:



#### Мағлұматтарды пошта немесе қолма-қол жеткізуші арқылы табыс ету

Мәңгілік Ел даңғылы, 8, подъезд 15

Кімге: Қазақстан Республикасы қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері жөніндегі комитеті